

### Мемлекеттік қызметтің төлқұжаты

Қызметтің атауы	Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру
Қызметті көрсететін мемлекеттік орган	Мемлекеттік қызметті Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
Өтініштерді қабылдауды және нәтижелерін беруді жүзеге асыратын мекеме	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
Қызметті алушылар	Жеке тұлғалар
Қызметтің құны	Тегін
Қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: 1) көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың топтамасын тіркеген сәттен бастап – 30 минут; порталда – 1 (бір) жұмыс күні; 2) құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.
Мемлекеттік қызметтің көрсетілетін нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде
Жұмыс кестесі	Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті берушіде – <a href="http://www.mzsr.gov.kz">www.mzsr.gov.kz</a> интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған; Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібінде көрсетіледі. 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).
Қажетті құжаттар	Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі: көрсетілетін қызметті берушіге: көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе паспорты, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі) (жеке басты сәйкестендіру үшін қажет), сондай-ақ оралмандар үшін – оралман куәлігі. порталда: көрсетілетін қызметті алушының электрондық

	<p>цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш. Электрондық өтініште көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттағы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p>
Мемлекеттік қызметтің нәтижесі	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді іс-шараларына қатысуға жолдама беру, ол мыналарды қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жұмысқа орналасуға жолдама;</li> <li>2) қоғамдық жұмыстарға жолдама;</li> <li>3) адамдарға кәсіби даярлауға, қайта даярлауға және біліктілікті арттыруға жолдама;</li> <li>4) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға жолдама;</li> <li>5) жастар практикасына жолдама;</li> <li>6) адамдарға кәсіби бағдарлануға тегін қызметтер көрсету.</li> </ol>